

Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығының мәселелері және даму болашағы

Е.Т.Ақбаев¹, И.А.Мансурова²

¹«Қаржы» кафедрасының қаум. профессор, э.ғ.к.

²«Қаржы» мамандығы бойынша 1 курс магистранты

^{1,2}академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

¹erbolsyn.2011@mail.ru, ²inabat2299@gmail.com

Аннотация: Жеке табыс салығының экономикалық мәні ашылып, жалпы мемлекеттік бюджетте алатын онына сипаттама берілген. Соңғы жылдардағы жеке табыс салығына қатысты өзгертулер мен толықтырулар қарастырылған. Бұл салыққа байланысты өзгерістерге мұқият талдау жасалған және жаңа есептеу тәртібі сараланған.

Кілт сөздер: жеке табыс салығы; ең төменгі жалақы; жеке табыс салығының ставкасы; жеке табыс салығын төлеу мерзімі; Салық кодексі; айлық есептік көрсеткіш

Біз бәріміз де салық төлеушіміз және халқымыздың ортақ салық қазынасы бюджет те біздің әрқайсымыздың азды көпті салығымыздан құралатынын жақсы білеміз. Дейтұрғанмен, күнделікті өмірде салық мәселесінің маңызы мен мақсаты қаншалықты зор екеніне бойлай бермейтініміз де бар. Салық-қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік жауапкершіліктің деңгейін айқындайтын механизм. Сондықтан қоғам дамуының әр кезеңіне орай салық мәселесі де өзгеріп отырады. Осы тұста басты салықтардың бірі – жеке табыс салығына ерекше тоқталғанымыз жөн.

Қазіргі таңда қазақстандық экономиканы цифрландыру еліміздің экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экономикамыздың одан әрі өсуінің негізгі бағыты. Цифрлық экономиканың дамуы – ел экономикасының өркендеуі. Шағын кәсіпкерлікті цифрландыруды бюджеттік қолдау мақсатында Салық кодексіне жеке табыс салығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін оңтайлы шарттар жүзеге асырылады.

Жеке табыс салығы жеке тұлғалардың табысына салынатын негізгі тікелей салық болып табылады. Ол ертеректе жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы деп аталған және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жергілікті бюджеттердің салықтық түсімдерінің қайнар көзін құрайды.[1]

Жеке табыс салығын негізге ала отырып мемлекет келесі мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді:

- еңбекке қабілетті тұрғындарды жұмыспен толық қамтамасыз ету;
- халық табысының ең төменгі мөлшерін анықтау;
- халықтың әлеуметтік қорғаныс жүйесін қалыптастыру;
- табыс пен игіліктерді қайта бөлу;
- экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Жеке табыс салығының төлеушілеріне жеке тұлғалар жатады. Салық салу объектісіне салықпен төлем көзінен алынатын және салықпен төлем көзінен алынбайтын табыстар кіреді. Салық салу объектісіне жатқызылатын табыс мөлшері салықпен алынбайтын табыстар сомасына азайтылады.[2] Төлем көзінен алынатын табыстан ең төменгі жалақы мөлшері, міндетті зейнетақы жарналары,өзі үшін енгізген ерікті зейнетақы жарналары,жинақтық сақтандыру келісімшарты бойынша өзі үшін енгізген сақтандыру сыйақылары, Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын құрылыс жинақ банкінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалары, медициналық қызмет үшін (косметологиялықтан өзге) төлемдер шегеріледі. Жоғарыда көрсетілген шегерімдердің мөлшері де нақтыланған. ашып айтсақ, ең төменгі жалақы есептік жылға көрсетілген мөлшерде (2020 жылға 42500 теңгені құрайды), міндетті зейнетақы жарналары жалақыдан 10% мөлшерінде, ерікті зейнетақы жарналары он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, медициналық қызметке қатысты шығындар 8 еселенген ең төменгі жалақы мөлшері шегінде шегерімге жатқызылады.

Мысалы: Жеке тұлғаның еңбекақысының айлық мөлшері 80 мың теңгеге тең. Төлем көзінен алынатын табысқа салық мөлшері келесідей есептеледі: (80000-8000 (міндетті зейнетақы жарналары, яғни 80000*10%) - 42500 (ең төменгі жалақы мөлшері))*10%(жеке табыс салығының шекілі)= 2950 теңге (жеке табыс салығының мөлшері).

Жеке кәсіпкерлерді тіркеу мақсатында салық салынбайтын жылдық жиынтық табыс он екі еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінде бекітілген.

Салық агенті есептелген жеке табыс салығы бойынша төлемдерді табыс төленген айдан кейінгі айдың жиырма бесінші жұлдызына дейін енгізуі тиіс. Жеке табыс салығы бойынша декларация есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың он бесінші жұлдызына дейін тапсырылады.

Төлем көзінен алынбайтын табыс салығын есептеуде келесі табыстар есепке алынады: мүліктік табыс (құн өсіміне), жеке кәсіпкердің табысы, адвокаттар мен нотариустардың табысы, өзге де табыстар. Бұлар бойынша салық мөлшерін салық төлеуші өзі есептеп, жеке табыс салығы бойынша декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31-ші наурызына дейін тапсырады. Жеке табыс салығы бойынша төлемді декларация тапсырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асыруы тиіс.

Республикамыздағы қаржы жүйесінің бағалы қағаздар нарығы және сақтандыру нарығы сияқты маңызды құраушыларының құралдарына қатысты алынған табыстарға жеке табыс салығын салу ерекшелігін талқылау маңызды. Жеке тұлғалардың бағалы қағаздар нарығымен байланысты табыстарына жеке табыс салығын қарастыру мақсатында қажетті объектілерді анықтап, Салық кодексіндегі ережелерге шолу келесілерді анықтайды:

- Бағалы қағаздарға қатысты келесі табыстарға жеке табыс салығы салынбайды:
 - куәландыратын құжаттарды ескере отырып бұрын төлем көзінен салықпен алынғаны дәлелденген дивиденттер мен сыйақылар сомасы;
 - орындалу мерзімі келгенде опционның базалық активі құнының орындалу бағасынан асып түсу сомасы;
 - қарыздық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;
 - мемлекет тарапынан шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;
 - қор биржасының ресми тіркеуінде тұрған бағалы қағаздар бойынша дивиденттер мен сыйақылар;
 - мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша құн өсімінен табыстар;
 - агенттік облигациялардың құн өсімінен табыстар;
 - пайлық инвестициялық қорлардың басқару компаниясымен пайларды қайта сатып алуынан түскен табыстар;
 - қор биржасының ресми тіркемесіндегі бағалы қағаздарды ашық саудаға салудан түскен табыстар.
- Дивиденттер мен сыйақылардан түскен табысқа салынатын жеке табыс салығы төлем көзінен алынады.
- Бағалы қағаздарды сатудан түскен құн өсімі мүліктік табысқа жатқызылып, төлем көзінен алынбайтын табысқа салық объектісі болып табылады.

Сақтандыру нарығының құралдарына байланысты алынған жеке тұлғалардың табыстарына салық салуда келесілер жеке табыс саклығы салынатын табыстарға жатқызылмайды:

- жұмыскердің жұмыс міндеттерін атқаруы кезінде өмірі мен денсаулығына келтірген зиянына қатысты жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімшарты бойынша төленген сақтандыру өтемақылары;
- сақтандыру жағдайына байланысты төленген сақтандыру өтемақылары;
- жұмыскерлердің міндетті сақтандыру және жинақтық сақтандыру келісім шарттарына сәйкес жұмыс берушінің сақтандыру жарналары;
- жинақтық сақтандыру келісімі бойынша сақтанушының өлімі жағдайында төленген сақтандыру өтемақылары.

Жинақтық сақтандыру келісімшарттары бойынша жеке табыс салығымен алынатын табыстар төмендегідей:

- зейнетақы жинақтарынан, сақтанушының өзі үшін төлеген сақтандыру жарналарынан, жұмыс берушінің жұмыскері үшін төлеген сақтандыру жарналарынан тұратын сақтандыру өтемақылары;
- кері сатып алуда төленген сомалар;
- сақтандыру өтемақыларының сақтандыру жарналарынан асқан сомасы.

Жеке табыс салығына қатысты Салық кодексіне енгізілген соңғы өзгерістер жалпы алғанда нақтылаушы сипат алған, ал салық шекілдері мен төлеу мерзімдері сақталды. Өзгерістерге сәйкес жеке тұлғалардың табыстарының салық салудан босатуға рұқсат етілген мөлшері ұлғайтылған және жеңілдік алуға құқығы бар жеке тұлғалар санаттарының тізбесі кеңейтілген. Сонымен бірге, жеке табыс салығын салудан босатылатын табыс сомасын есептеген кезде тиісті қаржы жылының басында бекітілген ең төменгі жалақының мөлшерінің қолданылуы тиіс екендігі айқындалған. Сонымен, жыл

ішінде ең төменгі жалақының мөлшері өзгере ме, жоқ па, оған қарамастан, салық салудан босатылатын табыстың мөлшерін айқындау үшін ағымдағы жылдың басында бекітілген ең төменгі жалақының мөлшері пайдаланылуы тиіс. Бұған қоса, еңбекке төлем шығындарының 1%-ы шегіндегі өкілдік шығыстар үшін жеке тұлғалар алған қаражат салық салуға жатпайды, ал олардың асып кетуі жалпы бекітілген тәртәпте салықпен алынады.

Еліміздегі жеке табыс салығының тәжірибесі үдемелі шекілдерді бекітумен тығыз байланысты. 2006 жылдың ортасына дейін жеке табыс салығының шекілдері үдемелі і- жылдық есептік көрсеткішпен анықталған табыс деңгейіне байланысты 5% дан 20% аралығындағы деңгейде болды. 2007 жылдан бастап салық шекілі тұрақты 10% шегінде және дивиденттер үшін 5% шегінде бекітіліп, осы күнге дейін қызмет етуде. Төмендегі 1 кесте соның дәлелі.

Кесте 1. Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы шекілдерінің 1996-2020 жылдар аралығында өзгеруі

Табыс(жылдық есептік көрсеткіш)	Жылдар бойынша салық шекілдері, %									
	1996	1997	1998	1999-2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007-2020
10-еселенген	5	5	-	-	-	-	-	-	-	10
15-еселенген	-	-	5	5	5	5	5	5	5	10
20-еселенген	10	10	-	-	-	10	8	-	-	10
30-еселенген	15	15	10	10	-	-	-	-	-	10
40-еселенген	20	20	-	-	10	20	13	8	8	10
50-еселенген	30	30	-	-	-	-	-	-	-	10
65-еселенген	40	-	15	20	-	-	-	-	-	10
130-еселенген	-	-	20	30	-	-	-	-	-	10
200-еселенген	-	-	-	-	-	-	15	13	13	10
350-еселенген	-	-	25	-	-	-	-	-	-	10
400-еселенген	-	-	30	-	-	-	-	-	-	10
600-еселенген	-	-	-	-	20	30	20	15	15	10
асқанына	-	-	-	-	30	-	-	20	20	10

Қазіргі заман талабына сай әлемнің дамыған елдерінде үдемелі шекілдердің кеңінен тарағанын айтып өту маңызды, әрі осы уақытқа дейін үдемелі шекілдер көптеген өзгерістер мен түзетулерге ұшыраған. Осы орайда айта кететіні, Қазақстанда 2011 жылдан бастап жеке табыс салығының жаңа шекілдері үдемелі болады деп күтілген. Табыс мөлшеріне жаңа 10%, 15% және 20%-қ шекілдермен салық салынады. Табыстың 250 мың теңгеге дейінгі мөлшеріне 10%, 250 мың - 500мың аралығындағы мөлшеріне 15%, 500 мыңнан жоғары мөлшеріне 20% шекілдер қолданылады. Ашып айтсақ, еліміздің жарты халқы яғни, дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет пен өнер қызметкерлері сол бұрынғы салық мөлшерін төлейтіні анық [3].

Жалақысы аз жұмысшыларға салынатын салық көлемі азаяды. Салық заңнамасына тиісті түзетулер 2018 жылғы 2 шілдеде шыққан "Әлеуметтік қамсыздандыру туралы" заңында көзделген. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 25 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейінгі еңбекақысы бар жұмысшыларға салынатын салық 10 есеге азаяды. Демек, бір АЕК 2651 теңге екенін ескерсек, 66275 теңгеден аз алатындар жеке табыс салығын өзгелерге қарағанда азырақ төлейтін болып тұр. Жұмыс беруші қызметкері үшін міндетті салықтарды төлейтіні белгілі. Жоғарыда аталғандай мөлшерде жалақы алатындар салықты мейлінше аз төлесе, жұмыс берушіге қаржылық ауыртпалық түсірмейді. Есесіне қызметкердің еңбекақысы өседі. Яғни, жалақысы аз жұмысшылардан салықты 1 пайыз ғана ұстап қалатын болады. Мысалмен көрсететін болсақ, жұмысшының бір айлық жалақы мөлшері 63 000 теңге деп есептеп көрейік (63000-6300 (міндетті зейнетақы жарналары, яғни 63000*10%) - 42500 (ең төменгі жалақы мөлшері))*1%(жеке табыс салығының шекілі)= 142 теңге (жеке табыс салығының мөлшері). Жалпы республикада мұндай еңбекақыны 2 миллионнан аса адам алады[4]. Негізінен, бұл қатарға көбінесе ауыл шаруашылығы мен сауда саласында жұмыс істейтіндер кіреді.

Жалпы еліміздегі жеке табыс салығына қатысты өзгерістер айтарлықтай қуантады, әрине жалақыңыз 25 АЕК –тен аспаса, бірақ одан көп алатын жеке тұлғалар үшін қандай жеңілдіктерді не шегерімдерді көрсетуге болады. Мысалы шетелдік тәжірибені алатын болсақ, көптеген мемлекеттерде асырауында бар адам санына не бала санына байланысты жалақыдан шегерімдер жасалады, бұл шегерім қомақты дәрежеде салық салынатын табыс мөлшерін азайтады және өз кезегінде жұмыскердің қолына таза алатын табысын арттырады. Егер біздің елімізде осындай шегерімді енгізетін болсақ және оның мөлшерін әр бала үшін 5 АЕК –ке тең деп алсақ, есептеуді келесі мысалдан анық көреміз: жеке тұлғаның екі кәмелетке толмаған баласы бар және жалақысы 80000 теңге (80000-8000 (міндетті зейнетақы жарналары, яғни $80000 \cdot 10\%$)-42500 (ең төменгі жалақы мөлшері) $-5 \cdot 2 \cdot 2525$ (екі бала үшін шегерім 5 АЕК)) $\cdot 10\%$ (жеке табыс салығының шекілі)= 425 теңге (жеке табыс салығының мөлшері). Мысалдан көріп отырғанымыздай, берілген шегерім арқылы төленетін салық мөлшері біраз азайған, бұл өз кезегінде төлеушінің табысын арттырып отыр.

Зерттеудің қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын салу саласында әлі де шешілуі қажет бірқатар мәселелер бар, уақыт өте келе олар да шешімін табады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Нурхалиева Д.М.,Омирбаев С.М.,Омарова Ш.А. Налоги и налогообложение в Республике Казахстан:Учебник для вузов/ Нурхалиева Д.М.,Омирбаев С.М.,Омарова Ш.А.-Астана: «Сарыарқа»,2014.-400с.

2.Кодекс РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» практическое пособие.-Алматы:ТОО «Издательство «Норма-К»»,2020. 720с.

3.<https://informburo.kz/kaz/2020-zhyldy-1-atarynan-bastap-saly-tleushlerge-talaptar-zgered.html>

4.<https://dknews.kz/nalogi/2020-zylgy-1-kantardan-bastap-zeke-tabys-salygy-esep-teu-kezinde-kiris-tuzetiledi.html>

Цифрлық экономика постиндустриалды қоғамның қарқынды дамуының негізгі негізі ретінде

А.А. Ауесбекова¹, Е.Т. Акбаев²

¹«Қаржы» кафедрасының магистранты

²«Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

¹asylzhan_98@mail.ru, ²erbolsyn.2011@mail.ru

Түйіндеме: бүгінгі таңда жаңа цифрлық технологиялар, инновациялық бизнес-модельдер қоғамның экономикалық өмірінің барлық салаларына еніп, экономиканың мәніне әсер етіп, сапалы құрылымдық өзгерістер қалыптастыруда. Нәтижесінде цифрлық экономика дәстүрлі экономиканың ішкі жүйесі ретінде қалыптасады, ол сандық технологияларды белсенді қолданумен және нақты электрондық тауарлардың айналымымен сипатталады. Цифрлық экономиканың даму деңгейі елдің бәсекеге қабілеттілігімен тығыз байланысты, бұл мемлекет пен бизнестің оны дамытуға ерекше назар аударуын талап етеді. Мақалада цифрлық экономиканың дамуына, түрлеріне шолу жасалды. Бүгінгі таңда электронды экономика тек экономикалық процестер шеңберінен шығатыны анықталды. Цифрландыру әлеуметтік процестерге енгізілуде, адамдардың табысты өмірлік іс-әрекеті соған байланысты, сонымен қатар үкіметтік ұйымдар мен құрылымдардың жұмысына цифрлық технологияларды кең ауқымды енгізу жүріп жатыр. Цифрлық экономиканың даму деңгейі бойынша Қазақстан әлемде жетекші орынға ие емес, бірақ жыл сайын өз позициясын жақсарта отырып, көшбасшыдан кейінгі елдер тобында сенімді тұр. Цифрлық экономиканы одан әрі дамыту үшін мемлекет пен бизнестің бірлескен жұмысы қажет.

Кілт сөздер: цифрлық экономика, аналогтық экономика, интернет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Соңғы жылдары Дүниежүзілік банктің басты және маңызды талдамалық-ақпараттық баяндамаларының бірі жаһандық әлемдік кеңістіктегі цифрлық экономиканың жай-күйі туралы есепке бағдарланған болатын. Есеп "Сандық дивидендтер" деген атпен жарияланды. Біздің ойымызша, есеп атауы экономиканы цифрландыру мен осы тенденцияның ықтимал пайдасы арасындағы тікелей корреляциялық байланысқа бағытталған. Алайда, ғылыми қоғамдастықта,